

Фридман Э., Алдабек Н.Ә.,
Джакубаева С.Т.

**Иранның ядролық саясаты
және халықаралық
қауымдастық**

Бұл мақалада Иран Ислам Республикасы мен халықаралық қауымдастық арасындағы ядролық мәселе аясындағы қарым-қатынас қарастырылады. Иранның ядролық бағдарлама саясаты мен халықаралық ұйымдар арасындағы ынтымақтастық мәселесі стратегиялық маңызға ие. Әсіресе Иранның ядролық бағдарламасына қарсы бағытталған АҚШ пен Еуропаның ұзақ жылдардағы санкциялары мен соңғы кездегі олардың біртіндеп шешілуі бұл мәселеге жаңа геосаяси сипат беріп отыр. Иранның «виртуалды ядролық мемлекет» ұстанымы, яғни бейбіт мақсатта уранды байытуы, ядролық технологияларды дамыту ынтасына қарамастан, әлі де АҚШ және батыс мемлекеттерінің оған деген сенімсіздігі мен жағымсыз ұстанымдарының сақталуына әкеліп отыр. Мақалада осы саяси көзқарастардың себептері зерделеніп, Иранның ядролық бағдарламасына талдау жасалады, осы елдің халықаралық қауымдастықпен қарым-қатынасы, халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберіндегі және одан тыс елдердің байланысы зерттеледі.

Түйін сөздер: Батыс пен Иран қарым-қатынасы, Иранның ядролық бағдарламасы, халықаралық қауымдастық, Иранның ядролық бағдарламасына қатысты АҚШ пен ЕО-ның ұстанымдары.

Friedman E., Aldabek N.,
Jakubayeva S.

**Nuclear policy of Iran and
international community**

The article gives an analysis of Iran's nuclear program in the context of relations with the international community. Iran's cooperation with international organizations according to its nuclear policy has a great importance, especially in the light of the lifting of the latest political sanctions of Europe and the US directed against Iran's nuclear program. There are many contradictions between the United States and Iran as «virtual nuclear state», developing nuclear technologies, as well as the enrichment of uranium for peaceful purposes. The interaction of Iran with international communities, in which both sides are interested, alleviates these contradictions and promotes closer cooperation and compromises in their further cooperation.

Key words: Iran and its relations with Western countries, Iran's nuclear program, international cooperation, position of United State and European Union on Iran's nuclear program.

Фридман Э., Алдабек Н.,
Джакубаева С.

**Ядерная политика Ирана и
международное сообщество**

В статье дается анализ ядерной программы Ирана в контексте отношений с международным сообществом. Сотрудничество Ирана с международными организациями по вопросам ядерной политики страны приобретает большое значение, особенно в свете снятия последних политических санкций Европы и США, направленных против ядерной программы Ирана. Между США и Ираном существует много противоречий в вопросе Ирана как «виртуального ядерного государства», т.е. развития ядерных технологий, а также обогащения урана в мирных целях. Взаимодействие Ирана с международными сообществами, в котором заинтересованы обе стороны, сглаживает эти противоречия и способствует более тесному сотрудничеству и компромиссам в их сотрудничестве.

Ключевые слова: отношения Ирана с Западом, ядерная программа Ирана, межгосударственное сотрудничество, позиция США и ЕС по ядерной программе Ирана.

ИРАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ

Таяу Шығыстағы тұрақсыз саяси-экономикалық ахуал, иран-ирак соғысы, АҚШ-тың Таяу Шығыстағы саясаты Иранның «виртуалды ядролық мемлекет» болу ұстанымы, яғни Канада мен Германия сияқты ИИР-дың да ядролық қаруды таратпау Келісімінің мүшесі ретінде уранды бейбіт мақсатта байыту әрекетімен қатар, Иранның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында уранды ядролық қару жасауға деген ынтасын да оятқанын жоққа шығаруға болмайды [1, 112б.]. Иранның ядролық саясатының салдарынан ұзақ уақыт бойы санкция құрсауында болғанын білеміз. Қазіргі кезде халықаралық қауымдастық Иранның ядролық қаруды жасамайтындығына, МАГАТЭ-нің шарттарын толық орындағандығына көз жеткізгеннен кейін, Иранға деген қатаң санкциялық құрсаулар алынып тасталды.

Иранның ядролық бағдарламасына қатысты халықаралық қауымдастық қатарында, оның ұстанымына қарсыластармен қатар, оны қолдаушылар да бар. Әдетте бұл ұстанымға қолдау көрсетіп келген Ресей мен Қытайдан басқа, ОАР, Бразилия және Аргентина сияқты елдер де бар.

МАГАТЭ-нің көз жеткізгеніндей, аталған елдердің Иранда болған делегациялары бұл елге деген халықаралық қауымдастықтың қатаң талап-қимылдары олардың да жіті назарында екендігін көрсетті. Франция, Германия және Ұлыбритания сынды мемлекеттер Тегеранмен келісімге келуде, уранды байытуды атом бомбасын жасау мақсатында емес, бейбіт мақсатта жүргізуді Иранның мемлекеттік діни басшыларынан талап етуді көздейді. Өзінің шешуші сөзінде діни басшы Хаменей: «Барлық өркөкірек, өзімшіл мемлекеттер, әсіресе «Ұлы шайтан» (АҚШ-ты меңзеп отыр) бізді ешкім бопсалай алмайтынын ұқсын», – деді. Осыдан кейін Иран басшылығы сөзден іске көшті: Иран үкіметі өзінің Исфahanдағы ядролық қорының барлық тығындарын ағытатындығын айтты. Осы қадам, сол кезде Брюссельден келген хаттама бойынша, Иранның халықаралық қауымдастықпен ядролық қаруды тежеу жөніндегі екі жыл бойы жалғасқан келіссөздерін бұзатын болды, ал Венадан атом энергиясы бойынша халықаралық агенттік (МАГАТЭ) вето шешімін жариялап, халықаралық қоғамдастық Ирандық объектілерге бақылау құрылғыларын қоюға бірнеше күн керек екенін мәлімдеді. БҰҰ

Бас хатшысы Кофи Аннан мұндай шешімдерді қабылдаудан бас тартуды сұрады. Қалай болғанда да, межелеген күні Исфахандағы ядролық орталықта МАГАТЭ инспекторының қатысуымен қондырғылардан тығындар алынды. Осылайша Иран 2004 жылы Ұлыбритания, Германия, Франциямен келіссөздер негізінде тоқтатылған ядролық бағдарламаның жұмысын жаңартты. Еуропалық мемлекеттермен АҚШ үшін күтпеген қадамды Иран отыз парақтық Еуропалық Одақпен ықпалдастық жөніндегі құжатты жойғаннан кейін жасады. Бұл қадам ЕО-ның өз ұсыныстар жиынтығын кешіктіруінен емес, осы ұсыныстардың тікелей мазмұнына байланысты болуы мүмкін. Бұл құжатта Тегеранның ядролық энергияны бейбіт мақсатта қолдану құқығы сақталатындығы, ЕО-ның сауда келісімін тездетуі, ядролық жанармайдың Ресеймен Еуропадан жеткізілуіне кепіл берілетіні, Иранды Орталық Азиядан Еуропаға көмірсутек шикізатын жеткізуге басты транзиттік пунктке айналдыруы жайлы жазылды. Екінші болжамды Иранның вице-президенті және атом энергиясы бойынша Ұйымның басшысы Голама Реза Агазадениң сөзі дәлелдейді, яғни ол: «ЕО шарттары көрсетілген құжат Иран жағының абыройын түсіретін еді» деген пікір айтқан болатын.

Иран басшылығы «Исфахандағы бұрынғы келіссөздер шешімдерінің күшінің жойылуына әкелгендігін, бұның жаңа саяси қадам болғандығын, Иран мен «еуропалық үштік» арасында (Ұлыбритания, Франция, Германия) өзара сенімділік атмосферасын туындағанын атап өте отырып, дегенмен Еуропалық Одақ жағынан осы күнге дейінгі тиянақты, нақты ұсыныстар болмағандығын», – ресми түрде мәлімдеді [1, 78б.].

«Ислам Республикасындағы ядролық технологияларды дамыту үдерісі басқа да бейбіт атомдық технологияны дамытқысы келетін мемлекеттер үшін үлгі бола алады, сондықтан Иранның өзінің заңды құқығын қорғауы мүдделі елдерге де зор үлесін тигізеді», – деді Агазаде.

«Еуроүштік» Тегеранның бұндай қимылдарына бірден көңіл аударып, межеленген күні Венада МАГАТЭ басшылары Кеңесінің отырысын өткізді. Үш Еуропалық елдің пайымдауынша, «Ирандық ядролық мәлімет» БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне берілуі мүмкін, ал БҰҰ-ның Иранға қарсы санкция қабылдау құқығы бар. Бұл істі БҰҰ-ның ҚК беруге заңды негіз жоқ, себебі «виртуалды ядролық мемлекет» Иран ядролық қаруды таратпау Келісімінің мүшесі ретінде ядролық арсеналын энергия саласында, бейбіт мақсатта қолдануға құқығы бар. Сондықтан,

батыс мемлекеттеріне бірлік пен шыдамдылық сақтаудан басқа амал қалмады. Осы ирандық «ядролық дағдарыстың» ушығуына байланысты мұнай бағасы тез қарқынмен өсіп, барреліне 64\$ құрады. Көптеген сарапшылар «ирандық мәліметтің» БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне өткізілуі мұнай нарығының қолдан жасалған арзан саясатқа негіз болатынын мәлімдейді.

Францияның СІМ агенттігінің мәлімдеуі бойынша, Иран өз іс-әрекеті арқылы халықаралық қауымдастықта «күрделі дағдарыс» тудырып отырғандығын айтты. Бірақ, егер ЕО мен АҚШ тарапынан сын тоқтамаса және әрі қарай дами берсе, Иран тарапынан жаңа жанжал түрінің туындауы мүмкін. Иранның тек гипотетикалық тұрғыда ядролық қаруды қолдану қаупі ғана емес, сонымен қатар Иранның әлемдік мұнай нарығын тоқтатып, қаржылық коллапс туындату мүмкіндігі де бар екенін ескеру қажет. Ол үшін Иран Бендер-Абасс аймағында бір-екі танкерді батырып жіберсе де жеткілікті. Иранның мұндай жағдайға баруы халықаралық дағдарысты туғызары сөзсіз. АҚШ, ЕО және БҰҰ өз тараптарынан Иранға ұсыныстарын алға тартса, Иран тарапы да ұсыныстарын анық көрсеткен. Бұл жерде басты мәселе жұмыс орындары мен атом бомбасы арасындағы таңдау болып отыр. Басқаша айтқанда, Иранға не қажет?: өзге дүниеден саяси және экономикалық тұрғыдан оқшаулану немесе өз ядролық мүдделерінен бас тартып, әлемдік экономикаға жіті араласып кету ме? Иранға қатысты қабылданған шешімдер болашақта ядролық энергетика саласында жоспары бар басқа да елдерге қолданылуы мүмкін бе? Мәселенің бұлай шешілуінің болашағы жоқ екенін Брюссельде де, Тегеранда да, Вашингтонда да түсінеді. Эксперттердің айтуынша, осы дағдарысқа қатысты барлық мемлекеттер мәселенің оңды шешілуін күтуде [2, 132 б.].

Әлемдік саяси қауымдастықтағы көп талқыланып отырған ең өзекті мәселелердің бірі - Иранның ядролық бағдарламасы көптеген сараптамалық құжаттардың пайда болуына әкелді. Иранның атомдық бомбаны жасауы мүмкіндігі туралы хабар, осыдан жеті жыл бұрын Оңтүстік Азия мен Таяу Шығыстағы геосаяси жағдайды түбегейлі өзгертуге және әлемдік ядролық қаруды таратпау туралы келісімнің дағдарысқа ұшырауына себеп болған. Иранның ядролық бағдарламасы Үндістан мен Пәкістанның ядролық бағдарламаларынан да БАҚ-та жиі талқыланды. Иранды «проблемалы ел» деп атап отырған АҚШ Иранның ядролық бағдарламасын зерттеуде өзінің субъектив-

ті көзқарастарын араластырып отыр. Дегенмен Иран бұл іс-әрекетімен, шын мәнінде, АҚШ-тан басқа көптеген елдерге де мәселелер туғызып отыр, соның ішінде Иранға қару-жарак жағынан қолдау көрсетіп отыр деп айыпталатын Ресей де бар. АҚШ-қа қарағанда, Иранның ракеталары өз радиусымен Ресейді де жанады, себебі шекаралас мемлекеттер. Объективті жағынан қарағанда да, ешбір мемлекет сауда-экономикалық қатынастары орнаған, оның үстіне Ресей сияқты шекаралас мемлекетте Жаппай Жою Құралының пайда болуына тілектес болмайтындығы белгілі.

Бірақ Иранды ядролық бағдарлама жасауға не итермеледі? Осыдан 17 жыл бұрын Иранның ықпалды саяси қайраткерлерінің бірі А.А. Хашеми – Рафсанджани Иранға Ирак елінің химиялық шабуылынан кейінгі, яғни ирак-иран соғысы аяқталған жылы былай деген еді: «Біз енді өзімізді химиялық, бактериологиялық және радиологиялық (ядролық қару деп есептеуге болады) қарулармен қамтуымыз керек». Оның былай деп айтуына итермелеген нәрсе, Ирактың Иранға шабуылы кезіндегі АҚШ-тың Иракқа көмегі және екіншіден әлемдегі ешбір елдің Иракты химиялық қару қолдануын айыптамауы болатын. Ал енді осы мәселені қайта көтеруге себеп болған АҚШ-тың «Ирак проблемасын шешуге» кірісуі, БҰҰ-ның санкциясына да, Еуропаның аса ірі елдері Германия мен Францияның қарсы болуына да қарамастан, Иракқа соғыс ашуы, Иранды осы әрекетке араласуға итермеледі.

Яғни, Дж. Буштың NBC-ке берген сұхбатында «Иран мәселесінің» әскери жолмен «шешілу» мүмкіндігі және мұндай жағдайда АҚШ-ты БҰҰ да, ешқандай Еуропалық елдер де тоқтата алмайтындығын ескертті. Сондықтан да Таяу Шығыс аймағындағы басты ойыншы, АҚШ-тың әкімшілігінде «әлемдік зұлымдық» ретінде белгілі Иран Ислам Республикасы, өзінің Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – ядролық бағдарламасын дамыту арқылы өз болашағын ойлау болып табылады. Осылайша АҚШ-тың Иракқа қарсы агрессиялық соғысы, ЖЖҚ жоюға емес, керісінше оны иеленуіне итермелейді [3, 446.].

Бүгінгі таңда Иранның ядролық жоспары жайлы қалыптасқан ойлардың, жоғарыда аталғаннан басқа да бірқатар аңыздық пікірлерді тудырды. Оның бәрі де Иранды әлемдік қауымдастықтың алдында қаралауға бағытталған. Олардың бірнешеуін қарастырайық:

«Иран әлемдегі газ көлемі бойынша екінші орындағы, ал мұнай көлемі бойынша бесін-

ші орындағы ел болып табылады, сондықтан да Иран атом энергетикасын дамытуына еш қажеттілік жоқ. Демек оның ядролық бағдарламасы әскери бағдарламасының бүркеніші ғана».

Иранның ядролық бағдарламасының астарында Американың өзінің «Бейбітшілік үшін атом» (1950 жылдың соңы – 1960 жылдың басы) атты бағдарламасы жатыр. Революцияға дейінгі Иранның ядролық энергетикасының дамуында 1979 жылға дейін Иран мен АҚШ әріптестігі шешуші орында болған. Шах 1994 жылы салынып бітуі керек 23 ядролық реакторы бар АЭС-ті АҚШ-пен бірлесе салмақшы болған.

Иранның ең негізгі кіріс көзі мұнай екені белгілі. 1970 жылдың бас кезінде елдегі мұнай қоры 17 млрд. тонна болатын. Жыл сайын 200 млн. тонна мұнай өндірілетін болғандықтан, мұнай қоры 2040-2045 жылдарда таусылады деп есептелінеді. 1974 жылғы әлемдік энергетикалық дағдарысқа байланысты мұнай бағасы 1971 жылғымен салыстырғанда 2 есеге өсіп кетті. Бұл Иран үшін екі қарама-қайшы әрекет туындатты: мұнайдан елге кіріс көзі айтарлықтай көбейді, дегенмен Иранда ЖЭС өндіретін электроэнергияның өзіндік құны жоғарылап кетті. Жағдайдың осындай сипат алуы шахты ұлттық ядролық бағдарламаны жүзеге асыруға бел буына итермеледі.

ИИР вице-президентінің куәландыруы бойынша, Иран өз қажеттіліктеріне бір жылда 932,9 млн. баррель мұнай жұмсайды екен. Егер 2020 жылға Иран 7000 МВт қуаты бар ядролық реактор тұрғыза алса, 190 млн. баррель мұнайды жыл сайын үнемдеуіне болады. Атом электростанциялары ИИР-дың келешекте энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, орташа мерзімдік жоспар бойынша мұнайды үнемдеу арқылы сыртқа шығарылатын мұнайдан көбірек кіріс табуы қажет. АҚШ-тың Иранға жариялаған сауда байкотын ескере отырып, Иранның жақын аралықтағы шикізаттық емес экспортқа өтуіне сену қиын. Осылайша мұнайды экспорттау ИИР-дың ең басты кіріс көзі болып қала береді.

Келесі аңыздық пікір, «Иранның ядролық қаруды жасауға ядролық технологияларға қол жеткізуіндегі жауапкершілік Ресейде жатыр».

Жоғарыда айтылғандай Иран ядролық бағдарламасының бастауында АҚШ болған. Қазір ядролық қару жасау жұмыстары жүргізіліп жатыр делінетін зертханалар, шах билігі тұсында АҚШ пен басқа да батыс елдерінің көмегімен құрылған болатын, қазіргі зерттеу жұмыстары сол зертханаларда, институттарда, орталықтарда жүргізіліп жатыр.

Нақтылап айтар болсақ, 1968 жылы іске қосылған 5 МВт-тық зерттеу реакторларын Тегеран ядролық ғылыми-зерттеу орталығына (ТЯҒЗО) жеткізіп берген АҚШ-тың өзі болатын. Онда жанармай ретінде 93% байытылған уран қолданылды. Бұдан басқа, батыс елдерінің көмегімен жүргізілген зерттеулерді кей жағдайларда әскери бағытта болған деуге де болады. 1987 ж. Иран Атом Ғылыми Орталығының (ИАҒО-ның) негізін салушы А. Этемадтың жасаған хабарламасы бойынша ТЯҒЗО-да қолданылған ураннан плутоний өндірілген. М.Саимидің «Иранның ядролық бағдарламасы» атты еңбегінде Иран плутонийді тек қана атом бомбасын өндіруде ғана қолдануы мүмкін еді. Сол уақытта Иранға демеушілік жасап жатқан АҚШ-тың ТЯҒЗО-да болып жатқан жұмыстар жайлы білмеуі мүмкін емес еді.

Келесі аңыздық пікір бойынша, «Иранға ядролық қару көрші елдерді қорқыту, Израильді жою, халықаралық террористік ұйымдармен қарым-қатынасын нығайту және Таяу Шығыстағы аймақтық толық көшбасшы елге айналу үшін қажет».

Иранға тағылып отырған айыптаулардың айтарлықтай бөлігі тек жариялылық сипатта болса да, Иран мемлекетінің басшылары шынымен де ядролық қару жасайтын болса не болады деген сұрақ сыншылар арасында дүрбелең туғызды. Дегенмен де, Иранның аймақтық басқыншы елге айналу мүмкіндігі өте аз, себебі АҚШ пен Израиль бұған ешқашан да жол бере қоймайды. Әрине, Иранның саяси, діни, әскери элитасының ішінде, оған қоса Ислам Төңкерісінің Күзетшілер Корпусы (ИТКК)-ның құрамындағы жоғары дәрежелілердің ішінде де теріс ниеттілер мүлдем жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ, бұл күндердің күнінде Иран кез келген діни басшының немесе ИТКК-ның құрамындағы фанатиктердің бұйрығымен Израильге ядролық ракетасын бағыттап, немесе Ливандық «Хезболлахқа» беріп жіберуі мүмкін дегенді білдірмейді. Себебі, ИИР әрқашанда ішкі-сыртқы саясатындағы маңызды шешімдерді мәмлеге келтіру арқылы шешкен. Жоғарыда келтірілген дәлелге сәйкес, АҚШ газеттерінде кең тараған ИТКК басшысы Р. Сафави: «Біз бәсеңдік саясаты арқылы американың қокан-лоққысына, үстемдік ету әрекетіне қарсы тұра аламыз ба? Немесе өркениет диалогы арқылы американың төндіріп тұрған қаупін жоя аламыз ба? Әлде химиялық немесе ядролық қару таратпау туралы конвенцияға қол қою арқылы Исламдық Республиканы қорғап қала аламыз ба?», – деген пікірін айтқан болатын [4, 177-178 б.].

Ресей зерттеушісі В.И. Сажиннің айтуынша Ирактың тәжірибесін ескере отырып, «ядролық қаруды жасауға таяу елдер», яғни атом бомбасын жасауға тырысу жолындағы елдердің бұл әрекетіне түрткі болған негізгі фактор – бұл елдердің өздерінің ұлттық қауіпсіздігін сақтап қалуға тырысу әрекеті. Басқаша айтқанда, ЖЖҚ таратпауға деген қарапайым себептен басталған АҚШ-тың Иракқа қарсы соғысы, керісінше, басқа елдердің ядролық бағдарламасын дамытуға деген ынтасын арттырды. Таяу Шығыстағы АҚШ-тың ұстанған стратегиялық саясаты алдағы уақытта да тоқтайды дегенге сену қиын. Бұлай пайымдауға үш себеп бар:

1. Таяу Шығыстағы АҚШ стратегиясы израильдіктердің мүдделерін ескере отырып қалыптасады. Бұрын бұл бағыт еврей ұйымдарымен тығыз қатынастағы демократияшылдарға тән болса, қазіргі таңда республикашылдардың да ықпалды еврей қауымдастықтарымен қатынастары жақсарып келеді.

2. Бірқатар зерттеушілердің бағалауынша, «Американдық жаңа жүзжылдық» жобасында ең басты мәселеде әлеуеті өсіп келе жатқан «екінші» супер держава – Қытайдың күшеюіне жол бермеу жайлы айтылады. Ал Таяу Шығыс осы мақсатты жүзеге асыруға ең қолайлы «құрал» бола алады. Бұл аймақ Қытайды «ауыздықтауда» өте маңызды рөл ойнайтыны ХХ ғ. 90-шы жылдарының өзінде белгілі болды. ҚХР-дың жылдам өсіп келе жатқан экономикасы жылдан-жылға энергия тапшылығын сезініп отыр. Қазіргі таңда Қытай қолданып отырған мұнайдың 40%-дан жоғары бөлігін Таяу Шығыстан (бірінші орында Иран, Оман, Йемен) алады. «International energy Out look»-тың есептеулері бойынша, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 91% өсіп кетуі мүмкін. Бұл Қытай экономикасы толығымен дерлік сол энергия өндіруші елдерге біршама тәуелді болуы ықтимал деген сөз. Қытай, әрине, Қазақстан мен Ресеймен жақсы қарым-қатынастар орнату арқылы, көмірсутекті сол елдерден алуға тырысады. Бірақ, бұл оның толық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды [5].

3. Таяу Шығыстағы мұнай – АҚШ-тың өзінің де энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды қайнар көз болып отыр, сондықтан да бұл АҚШ-тың аймақтағы саяси үрдістерге белсенді араласуына итермелеп отыр.

Әрине, бұл Иран басшылығының назарын аудартатын үлкен сұрақ деуге болады. 1987 жылы Иранның рухани басшысы аятолла Хамейни сол кездегі ел президенті А. Хаменеиге және ИТКК жоғарғы офицерлер корпусына жолдаған

хатында, «егер ұлттық мүдде қажет етсе, мешітті де бұзуға дейін баратындығын» айтқан. Иран басшылығының ядролық қаруға байланысты ұстанымындағы ең басты қозғаушы фактор – осы ұлттық қауіпсіздік мәселесі болып отыр.

Осыдан, АҚШ-тың Иранға жасаған қысымы тиімді бола ма деген орынды сұрақ туындайды. АҚШ-тың сол кездегі жоғарғы басшылығының айтуынша, ең басты мәселе ядролық қарудың өзі емес, оның «жауапсыз адамдардың» қолына түсу қаупінде болып отыр. Ал әскери арсеналында бірнеше жүздей ядролық қаруы бар Израильға ешқандай қысым көрсетілмейді. Бұл жағдай ядролық қару таратпау туралы ережені, жұмсартып айтқанда, тиімді ете қоймайды [6, 65 б.].

Иранның атомдық қаруды жасауына қалай жол бермеуге болады? Бұл сұрақты басқаша айтқанда, «Иранды ядролық қару жасауға итермелеп отырған күшті қалай жоюға болады?» деген сұрақпен алмастырған дұрысырақ болар еді. Жоғарыда атап өтілгендей, Иранның ядролық қаруға талпынысының себептері – АҚШ-тың ұстанымында болып отыр. Сондықтан да «Иранда ядролық қару бола ма, болмай ма?» деген сұраққа жауапты иран-американ қатынастарының астарынан іздеу керек.

ИИР ядролық қаруды жасаудан Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азияда ядролық қарусыз аймақ құрылған жағдайда ғана бас тартады. Бұл үшін Израиль, Пәкістан, Үндістан сияқты елдер өздерінің ядролық әлеуеттерін жоюы керек. Ал мұндай жағдай тек қана араб-израиль немесе үнді-пәкістан қатынастары реттелгенде ғана мүмкін болады. Мұның өзі жақын аралықта бола қоюы екіталай [7].

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, «Иран мәселесін» шешудің үш жобасын ұсынуға болады.

1-жоба. Бұл оқиғаның дамуының ең тиімді жолы, яғни аймақтағы барлық елдердің және АҚШ, Ресей, Еуро Одақтың міндетті қаты-

суымен аймақтық қауіпсіздік жүйесін құру. Мұнда нақты болмаса да, АҚШ пен Иран арасындағы қарым-қатынас жақсаруы, не АҚШ-тың Иран қауіпсіздігіне кепілдеме беруі керек. Бұл жағдайда ИИР-ның ядролық қаруға деген талпынысы күн тәртібінен кететін еді.

2-жоба. Бұл жоба АҚШ пен ИИР-дың өзара келісімге келе алмаған жағдайда жүзеге асады. Мұнда Иранға халықаралық ядролық бағдарламаның тоқтатылуын талап еткен қысым жалғаса береді, не Иран өзінің бағдарламасын уақытша тоқтата тұрады, бірақ керек болған жағдайда қайта бастауы мүмкін.

3-жоба бойынша АҚШ немесе Израиль Иранның ядролық инфроқұрылымының объектілеріне соққы береді, яғни мәселенің әскери жолмен шешілуі жүзеге асады. Яғни, бұл ретте АҚШ-тың Иракқа қолданылған тәсілді қолдануы да мүмкін. Мәселенің бұндай жолмен шешілуі «Хезболлах» сияқты Иранмен тығыз қатынастағы ұйымдардың Израильге, не Американың аймақтағы әскери объектілеріне жауапты соққы беруіне әкелуі мүмкін.

Жалпы үш жобада да шешуші рөлді ойнап отырған АҚШ. Оның келешектегі іс-әрекетіне әлемдегі ядролық қаруды таратпау туралы Келісім шарттарының сақталуына және Иранның ядролық бағдарламасының бұдан ары қарайғы даму болашағына байланысты. Иран – ядролық қаруды таратпау туралы Келісіміне (ЯҚТК) мүше ел болғандықтан, оның ядролық қару жасауына мәжбүр ететін болса, бұл ЯҚТК мен МАГАТЭ-нің абыройына соққы болады.

АҚШ-тың қазіргі таңда ұстап отырған сыртқы саясатын өзгертіп, АҚШ, ЕО және Ресей бірлесе отырып, Таяу Шығыстағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бағдарлама жасап шығуы керек. «Иран мәселесінің» шешімі бар, ол тек мүдделі мемлекеттердің біріккен күші арқылы ғана іске аспақ.

Әдебиеттер

- 1 Лаумуллин М. «Геополитические процессы в Исламском мире». – Алматы, 2011. – 175 с.
- 2 Кожирова С.Б. Внешняя политика Стран Востока с 1945 по 1990. – Астана. 2001.
- 3 YonahAlexander, Milton M. Hoenig «The New Iranian Leadership: Ahmadinejad, Terrorism, Nuclear Ambition, and ...». Praeger Security International. Westport, Connecticut London. 2008.
- 4 Евсеев В.В., Сажин В.И. «Иран, уран и ракеты». – М., ИБВ, 2009. 272 стр.
- 5 Caspian Sea Energy and Big Powers. *Shana*, 2007, September 15, <http://www.shana.ir/114449-en.html>
- 6 Жильцов С.С., Зонн И.С., Ушков А.М. «Геополитика Каспийского региона». – М., 2003.
- 7 Интернет ресурс. <http://www.iranwatch.org/weapon-programs/nuclear/> (Дата обращения 17.01.2017)

References

- 1 M.Laumullin “Geopolitical processes in the Islamic world”. Almaty.2011г. - 175с.
- 2 Kozhirova S.B. “The foreign policy of the countries of the East from 1945 to 1990. “.Astana. 2001
- 3 Yonah Alexander, Milton M. Hoenig “The New Iranian Leadership: Ahmadinejad, Terrorism, Nuclear Ambition, and ...”.Praeger Security International.Westport, Connecticut London. 2008
- 4 Evseev VV, Sazhin V.I. “Iran, Uranium and Missiles.” М., IBV, 2009, 272 pages.
- 5 Caspian Sea Energy and Big Powers. *Shana*, 2007, September 15, <http://www.shana.ir/114449-en.html>
- 6 Zhiltsov SS, Zonn IS, Ushkov A.M. “Geopolitics of the Caspian region” М., 2003.
- 7 Internet resurs.<http://www.iranwatch.org/weapon-programs/nuclear//> (Data of reference 17.01.2017)